

Мектепке дейінгі білім беру коммуналдық қазыналық кәсіпорындар іске асыратын қызметтердің бағаларын белгілеу туралы

Ұлытау облысының әкімдігінің 2025 жылғы 6 наурыздағы № 26/01 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 63-бабына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 156-бабына сәйкес, Ұлытау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мектепке дейінгі білім беру коммуналдық қазыналық кәсіпорындар іске асыратын қызметтердің бағалары осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлытау облысының әкімі

Д. Рыспеков

Ұлытау облысы әкімдінің

2025 жылғы "___" _____

№ ___ қаулысына қосымша

Мектепке дейінгі білім беру коммуналдық қазыналық кәсіпорындар іске асыратын қызметтердің бағалары

Р/с №	Қызмет атауы	Өлшем бірлігі	Бағасы, айына
		1 академиялық сағат=40 мин	теңге
1	2	3	4
1	Сауықтыру бағдары		
	Педиатр дәрігердің қызметі	20 академиялық сағат	660
	Балаларды сауықтыру және қатайту "Дені сау ұрпақ - ұлт болашағы"	8 академиялық сағат	4500
2	Аква аэробика (бассейн)	8 академиялық сағат	4800
	Әлеуметтік-гуманитарлық, коррекциялық бағыт		
	Тілдерді терендетіп оқыту курсы	8 академиялық сағат	3000
	Психологиялық-педагогикалық түзету	8 академиялық сағат	3000
	Сөйлеуді түзету	8 академиялық сағат	3500
	Музыкалық бағыт		
	Вокал	8 академиялық сағат	4800

3	Музыкалық аспаптарда (домбыра, гитара, фортепиано, қобыз және т.б) ойнауды үйрету	8 академиялық сағат	4800
	Хормен ән айту	8 академиялық сағат	3000
4	Көркемдік-эстетикалық бағыт		
	Театр үйірмесі	8 академиялық сағат	4800
	Шығармашылық шеберханалары (қол еңбегі)	8 академиялық сағат	4800
	Көркемөнер студиясы	8 академиялық сағат	4800
5	Дамыту бағыты		
	Робототехника	8 академиялық сағат	4800
	Шахмат, шашки	8 академиялық сағат	4800
	Логикалық ойындар (тоғызқұмалақ,бестемше және т.б)	8 академиялық сағат	4800
	Құмтерапиясы	8 академиялық сағат	4800
6	Спорттық бағыт		
	Би (бал, спорт билері, ритмика, аэробика)	8 академиялық сағат	4800
	Спорттық жекпе-жек ойын түрлері (йога, каратэ, қазақша күрес)	8 академиялық сағат	4800
	Құзға шығу	8 академиялық сағат	4000
	Көркем гимнастика	8 академиялық сағат	4800
7	Кезекші топ		
	Кешкі асыз кезекші топ	1 сағат-750 теңге	6000